

● СҮЙІНШІ!

## Күй додасында дара шықты

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ару қала Алматыда үш күнге созылған республикалық дәстүрлі «Шертпе күй» байқауы мәреге жетті. Байқау нәтижесі бойынша жерлесіміз – Мадияр Сүлейменов бас жүлде иегері атанып, 1 миллион теңге көлеміндегі сыйақымен марапатталды.



Жарыстың басты мақсаты – дарынды жас домбырашыларды анықтау, олардың кәсіби шеберлігін арттыру, сондай-ақ ұлттық мәдениетті дамыту. Бірнеше күнге созылған фестивалде 16 мен 35 жас аралығындағы 45 күйші бақ сынады.

«Қазақтың шертпе күйі – ұлттық музыкамыздың ең құнарлы қазынасы. Оның тарихы, дәстүрі сонау көне замандардан бастау алады. Жалпы, қазір дәстүрлі күй мен домбыраның насихаты, оған деген қызығушылық жыл санап артып келеді. Мысалы, бүгінгі таңда тек «Artsport» бағдарламасы шеңберінде 643 домбыра үйірмесі жұмыс істейді, оған 26 мыңнан астам бала қатысып жатыр. Бұл күй өнеріне деген ерекше ықыласты көрсетсе керек. Сол сияқты арнайы музыкалық мектептерде, орта және жоғары оқу орындарында домбыра үйренушілер жылдан-жылға көбейіп келеді. Біз әрі қарай да қазақтың ұлттық дәстүрлі музыка өнерін дамытуға бағытталған игі іс-шараларды жалғастыра береміз», – деп атап өтті Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев марапаттау салтанатында.

– Мені осындай деңгейге жеткізе тәрбие беріп, күйші ретінде қалыптастырған өнердегі ұстаздарым Құрманбай Ғабделов пен Жанғали Жүзбаева алғыс айтамын. Қазақтың кәсіпкерлік күй өнерінің мәртебесі биік болып, шарықтай берсін! – дейді біздің жеңімпаз.

## Құрметті оқырман!

ОБЛЫСТЫҚ  
«ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН»  
ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА  
ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ  
ЖҮРІП ЖАТЫР

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермеков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	5848,50	5919,00
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	11697,00	11838,00
	6 ай	3100,50	3111,00
	12 ай	6201,00	6222,00

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10257,00	10470,00
Жеке жазылушылар үшін	3492	5577,00	5706,00

Анықтама телефоны:  
8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61  
E-mail: otdel.pochtoy@bk.ru

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

## Инвестордың ізімен құт келеді



Компаксы жасаған Марал ӘЙІНҚОВА

**Инвестиция – игілік. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сайлауалды бағдарламасында инвестицияның маңызына ерекше тоқталды. Кем дегенде 150 млрд. доллар шетел инвестициясын тарту туралы міндетті алға қойды. Бұл тұрғыда Қарағанды облысының да әлеуеті мол екені баршаға мәлім.**

Соңғы уақытта көмірлі өлкеде игілікті еселеу жолында ауқымды шаруаның басы қайырылды. Қанатқақты жобалардың арқасында мыңдаған жан нәпақасын айырып отыр. Сөзімізге – облыстың өнеркәсіп, индустриялық-инновациялық даму басқармасы ұсынған деректер дәлел. Биылғы жоспарда 12 жоба тұр. Шамамен, 1,8 мың адам жұмысқа орналаспақ. Және бір айтып өтері, жана кәсіпорындар импортты алмастыруға ықпалды. Шекараға телмірмей, алаңсыз жүрген де ганибет-ау...

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіпкерлердің Қарағанды облысына қаржы құйып, кәсіп ашуға ниеті зор. Қолайлы экономикалық климатпен қатар, Саран индустриялық аймағы мен «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында зауыт-фабрика тұрғызуға қажетті инфрақұрылым түгел тұр. Бұл факторлардан бөлек, геосаяси ахуалдың салдарынан импорттың шектелуі немесе қымбаттауы да жергілікті кәсіпорындардың дамуына жағдай жасап отыр. Облыс аумағындағы өндіріс алпауыттары тарапынан сұраныс күн санап өсуде.

Ел көлеміндегі, аймақтағы сұранысты ескере отырып, облыста 55 жобадан

тұратын инвестициялық жобалар пулы түзілді. Аталған пулды жүзеге асыру 2022-2027 жылдарға жоспарланған. Жалпы құны – 1,3 трлн. теңге. Алдағы бес жыл мұғдарында 13,5 мың жұмыс орнын жанадан құруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған басқарма мәліметінше, қаңтар-қазан айларында негізгі капиталға тартылған қаржы көлемі 522,2 млрд. теңгені құрады. Мұның ішінде өңдеу өнеркәсібіне құйылған инвестиция – 227,7 млрд. теңге, өндіріс үлесінде – 372,6 млрд. теңге. Желтоқсан айы тәмамдалғанша инвестиция сомасы 732,5 млрд. теңгені еңсереді деп күтілуде.

Биыл 12 жобаны жолға қою көзделді. Бұл мақсатта инвесторлар 259,2 млрд. теңге салды.

Қазан айының соңына дейін 12 жобаның бесеуі іске қосылып үлгерді. Бесеудің қатарында «Алтын Арна Geosynthetics» ЖШС-нің геомембрана өндірісі, «Шұбаркөл Көмір» АҚ-ның белсендірілген көмір өндірісі, «YDD Corporation» ЖШС-нің ферросилиций өндірісі, «Asia FerroAlloys» ЖШС-нің агломерациялық фабрикасы және «Irkaz Metal Corporation» ЖШС-нің катодты мыс өндірісі бар.

Жаңа нысандардың ерекшелігі – импортты алмастыруға әлеуеті зор. Құрылыс индустриясы, машина жасау және тамақ өнеркәсібі үшін қажет бұйымдарды жасайды. Мәселен, «Алтын Арна Geosynthetics» ЖШС жылына 6 мың тонна геомембрана өндіруге қауқарлы. Бұрын отандық зауыттар геомембрананы Ресейден тасып келгенді. Зауыт ақпан айында жұмысын бастады. Құны 2,7 млрд. теңге болатын зауытта 47 адам жұмыспен қамтылды.

Металлургия саласындағы «YDD Corporation» ЖШС 4-ші пешін қазан айында іске қосқанда 200 адам екі қолға бір күрек тапты. Өндіріс құны – 12 млрд. теңге. Пештің жобалық қуаты – 50 мың тонна.

«Asia FerroAlloys» ЖШС агломератты, яғни, кен концентратын шығаруды қолға алды. 14,9 млрд. теңгеге бағаланған фабрика жылына 240 мың тонна

агломерат өндіремек. Қазір мұнда жүз адам еңбек етеді.

Сондай-ақ, «Борлы» кен орны маңынан ашылған катодты мыс зауыты да өңір экономикасына демеу болар кәсіпорындардың біріне айналуы тиіс. Инвестор зауытқа 9,1 млрд. теңге салды. Жылдық қуаты – 5 мың тонна мыс. Жұмыс күші 140 адамға шақталған.

Өңір үшін танымал тағы бір өнім түрі – «Шұбаркөл Көмір» компаниясының белсендірілген көмір өндірісі. Жобаға 360 млн. теңге қаржы тартылды.

Компанияның баспасөз қызметі хабарлағандай, өнімнің тырнақалды партиясы екі жыл бұрын алынған-ды. Қазір белсендірілген көмір гидрметаллургия, алтын және фосфат өндірісінде, су тазарту желісінде кеңінен қолданылып келеді.

Бүгінде белсендірілген көмірдің басым бөлігі сырттан әкелінеді. Келешекте «Шұбаркөл Көмір» жылдық қуатын 1 мың тоннаға жеткізіп, импортты алмастыруға күш салмақ. Сонымен қатар, отандық тауар бағасы шетелдік баламадан 1,5-3 есе арзан тұрады.

Жаңа кәсіпорындар арқасында облыстағы өндіріс көлемі 1,3 трлн. теңгеге ұлғаяды. Сәйкесінше, шикізаттық емес экспорттық әлеует күшейіп, 640 млрд. теңгеге артады.

Инвестордың ізімен құт келеді.

● МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

## Телеарна ұжымына табыс тіледі



Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі облысқа жұмыс сапары барысында облыстық «SARYARQA» телеарнасына арнайы ат басын бұрды. Шығармашылық ұжыммен кездесіп, телеарна тынысымен танысты.

Телеарнаның түсірілім павильонын, мұражайын көрген Дархан Қуандықұлы 60 жылдан астам тарихы бар ұлағатты ұстахананың өткені мен бүгінгімен танысып, қызметкерлермен сұхбат құрып та үлгерді. Түсірілім алаңының аумағы 350 шаршы метрді құрайды. Мұнда тікелей эфирлер, танымал ток-шоулар түсіріледі. Барлығы 30-дан астам тележоба дайындалады. Министр шығармашылық ұжымның жұмысына табыс тіледі. Кездесу соңында облыстағы бас телеарна директоры Берік Дүйсетбаев Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәліге шығармашылық ұжым атынан алғыс айтты.

– Өңірлерге жұмыс сапарымен барғанда жергілікті медиа ұйымдарға кіріп-шығуға тырысамын. Сарыарқа – қазаққа қасиетті сөз. Сол сөздің қадіріне жете білетін ұжым екендітеріңізге сенемін, – деді өз сөзінде Дархан Қуандықұлы.



● ҚАРТТАР – ҚАЗЫНАМЫЗ

● БІЗ – БІРГЕМІЗ!

## Ардагерлер орталығы ашылды

Таяуда Осакаровка ауданының орталығында ардагерлер орталығы ашылды. Оған ардагерлер қауымының өтінішін жерде қалдырмаған аудан әкімдігі, маңайдағы шаруа қожалықтарының иелері мен қариялардың өздері себепші болды.

Дулат ЖҮНІСБЕКҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Әрине, өмір тарихының алтын қазығы, сыр сандықтың шексіз шежіресі болып табылатын аға ұрпақтың қай жерде болсын орны бөлек екені белгілі. Ақыл айта білетін, жөн сілтей алатын қазыналы қарттардың арасында жүргені бір ғанибет. Өмірдің талай сынағынан сүрінбей өтіп келе жатқан олардың өмір жолы кейінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге болып қала берері сөзсіз. Еліміздің ертеңі қолға алатын жас ұрпақ соны біліп өссе, орта буын иелерінің оларға деген құрметін көрсе, ұрпақтар үндестігінің бағасын біледі.

Орталықтың ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Алма Шалабаева, аудандық мәслихат хатшысы Қанат Саққұлақов пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ислам Шәкірбеков қатысты.

Жалпы, ардагерлер орталығының ашылуына аудан әкімдігі, соның ішінде жұмысшы жігіттерді ұйымдастырған Владимир Мажура мен Жұмағали Сапаров, осындағы тоғыз мекеме ұжымы мен ауданға қарасты Садовое ауылындағы шаруа қожалықтарының иелері Владимир Энрих, Виталий Ямковой, Григорий Годик және жабыла жұмыс істеген 16 зейнеткер көп еңбек сіңірген. 800 мың теңгеді қаражат жиналған. Жылы да жарық, керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген бөлмелер қариялардың бас қосуына ыңғайлы, жайлы орын.

Орталыққа тіркелген ардагерлер қауымының айтары мен алғысы бөлек. Олар мұнда шахмат, дойбы ойнап, өзара пікірталас клубын құрып, шығармашылықпен айналыса алады. Сондай-ақ, мұнда құрылған ақсақалдар алқасының жастарға берер ақыл-кеңестері де аз емес.

Осакаровка ауданы

# Екібастұзға ел көмегі

Екібастұздағы төтенше жағдайға елдің көңілі алаң. Қазаған қыста жылысыз қалған қала жағдайын Үкімет өз бақылауына алды. Сонымен қатар, еліміздің түпкір-түпкірінен гуманитарлық көмек пен білікті мамандар жұмылдыруда.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Жәніс Қасымбектің тапсырмасымен жылуден қамтуға қалпына келтіру үшін Екібастұзға 70 қарағандылық маман көмекке аттанды.

Бұл ретте құрылыс және коммуналдық кәсіпорындар қызметкерлерінен арнайы жедел бригада құрылды. Қарағанды қаласының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Facebook парақшасында:

– Қажетті құралдармен және техникамен толық жабдықталған мамандарымыз Екібастұзға аттанды. Дәл қазір олар міндетіне кірісті. «Энергоцентр», «Қарағанды Су» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктеріне, қаланың құрылыс компаниялары мен барлық қарағандылықтарға шын жүректен алғыс айтамын, – деген жазба қалдырды.

Апат айтып келмейді. Екібастұзға екіталай күн туғанда Қазақстанның әр тарапынан түрлі көмек шаралары қолға алынуда. Азаматтық альянстың ұйытқы болуымен жергілікті басқару органдары тарапынан да гуманитарлық көмекке қажетті қаржы жиналууда. Алғашқы көмек көлігі Екібастұзға жөнелтілді.

– Қазірдің өзінде Ата-аналар одағы сынды қоғамдық ұйымдар мен еріктілер, қоғам белсенділері мен қарапайым жандар тарапынан 1 млн. 500 мыңдай қаражат келіп түсті. Апатты жағдайға байланысты жергілікті өзін-өзі басқару кеңесі мен Қарағанды қаласы-



ның ерікті, мейірімді тұрғындары қиын-қыстау жағдайға бейжай қарап отыра алмай, бірігіп көмек қолын созып жатыр. Осындай кезде біз қазақстандықтар бірге екенімізді көрсетуіміз керек! Мұндай игі істердің басы-қасында жүрген азаматтарға мың алғыс! Өте қиын жағдайда қалған кезде пана болу, жақсылық жасай білу жүрегіңді елжіретеді. Екібастұз

тұрғындарына сабыр тілеймін. Біз сіздермен біргеміз, – дейді Қарағанды облысының Азаматтық Альянсы қауымдастығының президенті Дмитрий Полтаренко.

Еске салып өтелік, Екібастұз қаласының тұрғындарына көмек жинау жалғасуда. Көмек қолын сөзге деушілер Гоголь көшесі, 31-үй мекенжайына жөнелте алады. Қазіргі таңда 100-ге тар-

та жылытқыш, 30 шақты термос, көрпе, жылы киімдер жиналып қалаға жеткізілген.

Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты Зара Шалабаева да депутаттық корпусының бұл мәселеге бейжай қарамайтынын жеткізді.

– Екі-үш күннен бері Екібастұз тұрғындарына гуманитарлық көмек сатып алу үшін алым жарияланды. Қазіргі кезде Жанашырлар клубының түрткі болуымен 7 млн. теңгедей сома жиналды. Екі қала еріктілері бір-бірімен үнемі байланыста. Бүгін көмек көлігі Екібастұзға барып, көмекке мұқтаж жандардың үйлеріне барып қолғабыс етпек. Қала тұрғындарының айтуынша, енді жылытқыштар жеткілікті көрінеді. Сантехникаға қажетті құрылыс материалдары қажет. Адам күші де тапшы. Мамандар керек. Жағдайға жанашырлық танытқан барлық азаматтарға алғыс айтамыз. Біз қал-қадерімізше жағдайды бақылаудамыз, – деп қорытты қалалық мәслихат депутаты.

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

## Ауылда наубайхана ашылды



Жуырда Шет ауданына қарасты Тағылы ауылдық округінің Жұмыскер ауылында жергілікті «АлиТан» жеке кәсіпкерлігінің бастамасымен жаңа наубайхана ашылды.

Нұрдоғ КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіпкер Төлеутай Жұмашев өз қаражатына бірқатар қажетті құрылғыларды сатып алып, наубайхана ашуды көптен бері жоспарлап жүрген еді. Енді міне, бизнес жобасын өзі туып-өскен ауылында жүзеге асырды. Наубайханалардың тәжірибесіне сүйене отырып, өндіріс орнын заманауи жабдықтармен қамтыған.

Кәсіп иесі Төлеутай Рымқұдұлының айтуынша, наубайхананы толықтай іске қосуға аудан әкімінің шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі 600 мың теңге гранты көмек болған. Қазіргі уақытта жаңа кәсіп нысаны Жұмыскер ауылынан бөлек,

маңайындағы Төменгі Қайрақты, Қарасаз, Қызылту елді мекендерін және аудан орталығындағы бірқатар сауда нүктелерін күнделікті жаңа пісірілген нанмен қамтамасыз етіп отыр.

Наубайханаға әзірге 2 ауыл тұрғыны тұрақты жұмысқа алынған. Ауыл тұрғындарының қуанышында шек жоқ. Себебі, осыған дейін нан бағасы сырттан келетін болғандықтан 160 теңге болған. Қазір жаңа наубайхананың наны – 95 теңгеден сатылууда.

Шет ауданы

● БӘРЕКЕЛДІ!

Қарағанды қаласының еріктілер штабы «Үздік еріктілер командасы» республикалық байқауында II орын алды. Аталған сайыс «Қарттарға қуаныш сыйла!» әлеуметтік-қайырымдылық акциясы аясында өтті. Сайысқа республикамыздың барлық өңірлерінен мыңнан астам еріктілерден құрылған 33 команда қатысты.

Жансая СӨРСЕНБАЙҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды штабының жұмысын жоғары оқу орындарының және колледж студенттері, үкіметтік емес ұйымдар және қала тұрғындары жұмыла атқарды. Олар ҮОС және еңбек

## Еріктілер ерледі

ардагерлеріне, 65 жастан асқан жалғызбасты зейнеткерлердің тұрғылықты мекен жай аулаларын қардан тазартуға, азық-түлік, дәрі-дәрмек жеткізуге көмек қолын созды.

– Қала еріктілері 480 отбасын өз қамқорлығына алды. «Ардағым – Ардагерім» акциясы аясында қалалық штаб 258 аға буын өкілінің тұрмысына көмек көрсетті.

«Jastar Birge жастар волонтерлік институтын дамыту» жобасы аясында үш жыл ішінде азық-түлік себеттерін тарату бойынша 20 акция ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралармен 6522 әлеуметтік осал топтағы отбасы қамтылды. Еріктілер мәдени-демалыс

бағытындағы 48 іс-шараға, 30 эвакциязға қатысты. Қаланың ПБ-мен бірлесіп, есірткі заттарының жарнамасын өшіру бойынша 93 рейд жүргізілді. Осының арқасында жерлестер республикада II орынға ие болды, – деді Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Әділ Қабышев.

Қазіргі таңда Қарағандыда барлығы 30 волонтерлік ұйым жұмыс істейді. Ал, олардың құрамында 3552 адам бар. Әр ұйымның өзіне жүктелген міндеттемесі соған сай жылдық жоспары бар. Жоспар мен ереже қолға алған істің нәтижелі әрі тез аяқталуына ықпал етуде.



### Облыстық сайлау комиссиясының құрамы туралы ХАБАРЛАМА

Қарағанды қаласы, облыстық әкімдік ғимараты, Әлиханов көшесі, 13, 506 бөлме, тел./факс 8(7212) 42-11-14 пен 8(7212) 42-10-86

Төраға – Нуркенов Қайрат Қаршығаұлы

Төраға орынбасары – Әпиева Мәдина Молдабекқызы

Хатшы – Баталова Наталья Григорьевна

Комиссия мүшелері:  
Ақпанова Айғаным Жолшорақызы

Асылбекова Сандуғаш Сәбетқызы  
Есмағанбетов Саян Амантайұлы  
Русакон Евгений Валерьевич

● МЕЙІРІМ

### Қайырымдылық – қайтарымы бар іс

Zhas Project жастар корпусын дамыту жобасының жеңімпазы Қарағандылық Балнұр Қайратоваға 1 млн. теңге грант берілді. Балнұр топ мүшелерімен бірге қайта пайдалануға жарамды аналар мен әббилерге арналған экологиялық жаялық-жөргектерді тегін тігеді.

Сағыныш ӘБІЛ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

23 жастағы Балнұрдың мамандығы акушер. Қазір бала күтіміне байланысты демалыста. Бұл әлеуметтік жоба оған өз ісін бастау үшін жақсы бастама болды.

– Zhas Project бағдарламасы туралы маған еңкем айтты. Өзім жаңа босанған анамын. Қайта пайдалануға болатын жөргектер туралы бұрыннан білетін едім. Өз балама пайдаланамын. Мен ұсынатын өнім нәрсесте үшін жайлы, сондай-ақ шығындарды азайтады және экологиялық таза. Бір реттік өнімді өндіру процесі ауа мен суды ластайды. Өзімізді ғана емес, қоршаған ортаны да естен шығармауымыз керек, – дейді Балнұр Қайратова.

Тиісті қаражатқа тігін машинасын, оверлок, маталар мен жабдықтарды сатып алған. Жоба тобында тағы үш апалы-сіңлі қыздар бар. Алғашқы өнімдерін «Шапағат» мамандандырылған балалар үйіне тарту етті.

Алдағы уақытта «Мир добра» дағдарыс орталығына да бас сұқпақ. Мұқтаж жандар үшін таптырмас зат. Осындай экоөнімдер қызық қалдықтарын азайту, қоршаған ортаны қорғаудың бірден-бір жолы. Әзірге өз өнімдерін тегін таратуда, болашақта ақылы түрде қызмет көрсетпек.

ТАҒЫМ

«Опасыз мынау өмірді, құлазытқан көңілді, айырылып жан бауырдан, жүрегім шаныш егілді». Осынау зарлы жыр жолдарын өз басынан өткерген қандай ауыр еді. Туған ағам, байыпты да байсалды мінезді, маркаса пішінді тау тұлға азамат Лияс Аманжолұлы аяқ астынан өмірден өткенде дүние шіркіннің дауасыз да тұғырсыз екенін амалсыздан мойындағандай болды.

Ағаның аялы алақаның аңсау

дрлар бөлімін Лияс Аманжолұлы басқарды. Өзінің туа бітті қалыптасқан мінезімен, университет деңгейіндегі кәсіби біліктілігімен, табиғатынан зеректігімен, тұрашыл да бетті әділдігімен Лиек бұл қызметте қарапайым халықтың ризашылығына бөленді, алғысын алды. Қарапайым жұмысшының еңбектік құқығының қорғалуы Лияс Аманжолұлының басты азаматтық парызы мен міндеті болды десек, артық айтқанымыз емес. Өмірі бітпейтін, таластамайтын еңбек дауы жұмысшыларының ауыспалылығы үлкен болатын, мұндай құрылыс кәсіпорнында үнемі ұшығып тұратын еді. Лиекпен алдына келген жәбірленуші әрбір адам заңдық тұрғыдан шынайы көмек пен сауатты кеңес алып кетіп жататын. Осы алып құрылыс трестің Лиек жабылуына байланысты өз қолымен толықтай жауып шықты, соңғы бұйрық пен соңғы мөр сол кісінің қолында қалды.

Мұның үстіне кенттің қарапайым тұрғындары, жақын маңдағы елді мекеннен адамдар, алыс-жақын ағайындар тарапынан заң талаптары жайлы кеңес сұрау, даулы мәселелер бойынша заннамалық тұрғыдан көмек алу, кәсіби юрист-еңбек инспекторы ретінде іске араласу тұрғысынан өтіншітер бір таластамайтын. Олардың барлығына да Ліағам шама-шарқы келгенше көмек көрсетуден жалыққан емес.

Қызылди-жасылды жарқыраған мынау тіршілік әлемінде Лияс Аманжолұлы жетпіс көктем, жетпіс қыс ғұмыр кешті. Біреуге аз көрінетін, енді біреуге қол жетпес шың ұшындай білінітіні осынау тірлік-келбетінде өзіндік із қалдырды, көптің бірі емес, айтулы азаматы бейнесінде өмір кешті.

Өскер қатарында азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін, сол жылдары ашылған, екінің бірі арман еткен, академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетін табысты тәмамдады. Өмірдің дауылы мен жауынына қарамастан, қиындық атаулыға қасқая жүріп Ліағам заң саласында, халық тұрмысы саласындағы заңдылықтың сақталуы аясында, еңбек заңнамасы талаптарының орындалуына қадағалау қызметтерінде ұзақ жылдар абыройлы қызмет атқарды. Еңбек жолын Қаражал қаласының прокуратурасында бастаған Лияс Аманжолұлы неғұрлым табысты, салмақты, кәсіби, білікті қызмет түрлерін Жәйірем кентінде халықтың ризашылығына бөлене жүріп, басынан өткерді.

1980-81 жылдар Жәйірем кентінің Бүкіл Қазақстандық екінің құрылыс алаңы болып жарияланып, экономиканың қай саласы болмасын дүрілдеп, дамыған кезеңі болатын. Ел басышы Д.Қонаевтың да арнайы ат басын бұрған кезі де осы кезең. Құрылыстың қарқыны жоқпан болатын, бір мезгілде 50-ге тарта бес қабатты биік үйлер салынып жатқан кез еді. Осы құрылыстың барлығын сол кездегі мемлекеттік басқару жүйесіне сәйкес «Жәйіремжестрой» тресті жүргізіп жатты. Жұмысшылар саны мұндап саналап, олардың әлеуметтік ұсқаны түрлі контингенттен тұратын алып өндірістік кәсіпорнының жұмысты жүргізудегі заң талаптарын сақтаудағы кедергілері мен қиыншылықтары бастан асатын еді. Міне, осындай қиын-қыстау кезеңде трестің қа-

мудделі болды. Мұнысы кейбір басшыларға ұнаған жоқ, ол кездері билік басындағылар мен меншік иелерінің айтқаны орындалатын, Лиек сияқты қызметкерлер көзтүрткі болатын. Бірақ өз ісінің білгірі Лияс Аманжолұлы қызметіне байланып, басшылар алдында құрақ ұшады, өз ұстанымында тұрды. Ал бойында қан мен намысы жоқ адамға «өгіздің құлағына домбыра шерткенмен» бірдей болады емес пе?! Ол кісі өз биігінде қалды.

Адам тіршілігінде Ліағам салмақты да саликалы азамат болды, ел санасар, жұрт құрмет тұтар тұлға болды. Өзін сыйлата білді, жас кезінен бастап кісілік мінез бен намысшылық рухты жоғары қойды. Жасы үлкен ағалар ақылдасып отыратын, жасы кіші інілер қорған көретін Азамат еді. Нәзерке, Жадыра, Парасат балаларының «папа» дегенінен мейіріленіп, бар ықылас, мейірімін соларға төгумен болды. Өзінен бір-ақ жас кіші інілері Жарқынбай мен Қанаттың «Ліағ» дегеніне мағұрланып, езуіне ризашылықтың күлкісі үйіріліп, бір көтеріліп қалатын еді. Ол ағаларымынан кейінгілер түгелімен, еш ойланбастан, ірікімстен Ліаға атаған болатын. Досқа берік болды, алды елу бес жыл, арты отыз жылдан асқан, өмірлік достықтың үлгісін көрсеткен Жәйіремдегі Әйткен ағам, Қаражалдағы Жанбырбай ағам, Жаңаарқадағы Жанат ағам сөтіген бетте егіліп келіп, ақтық сапарға өз қолдарымен шығарып салды.

Лияс Аманжолұлының білімділігі, жүйріктігі, көп оқығандығы, зеректігі мойындататындай дәрежеде еді. Әлемде болып жатқан тарихи оқиғалар, саяси неше түрлі дүбірлі тетіктерестер, халықтар арасындағы түсінбеушілік, мемлекеттердің бір-біріне қырғи-қабақ болуы себептерін тамыршыдай



дөп басып, өзінің пайымдауын айтып отырар еді. Құйма құлақтық зеректігі жоғары болды, ел арасының әңгімелерін, өңірден шыққан жақсылар мен жайсаңдардың келетіні істерін, ата-бабадан тарқатар шежіре тармақтарын шырлата бастағанда, бір ғасыр бұрынғы әңгімелер мен оқиғалар еш қатесіз тізіліп көз алдынан өтіп жататын.

Ми-жүйке арқылы бұйрық алатын ет жүрек өзінде бар өмірді орындамауға дәрменсіз. Ет жүректің сыр беріп, шанышп-жаншып ауырған кездерін жан иесі сезбегі мүмкін емес қой. Солай бола тұра кеселдің алып ұрар кезіне дейін үн қатпауы шыдамдылық па, қайсарлық па, пенделілік пе, осы жағы түсініксіздеу болды.

Іліағамның маған деген орны бөлек еді, өмір бойы қасында болып, бірігіп, бірлесіп тіршілік кешті. Баласы секілді бауырында жүріп, аса ыстық ағалық яки әкелік мейірімін көріп, көріп қана қоймай, шүпілдете қанып, келесі ұрпағымызға жаластыратын жайым бар.

Көз тартар кесегі де, шоғыры биік шоктығы да, ой ырысы да, жүрекке жылысы да кешегідей көз алдыма. Көз алдыман кетпек те емес. Барымызды бағамдап, жогымызды түгендеп, «қой асығы демей-ақ» қолда барды сақа көріп, салмақты да жай-машуақ тіршілік кешкенге не жетсін, мына қысқа өмірде.

Өзгешелігімен, сирек кездесетін түрлі мінез сипатымен, тұр-тұрпатымен мүлдем бөлекше жаратылған Лияс Аманжолұлының бейнесі ол кісіні жақсы білген, қызмет-те болған, өмір кемесінде сыйласа алған, дос-жаран көңілде болған адамдар есінде ұзақ сақталды деп ойлаймын.

Бауырлары да сағынатын болады.

Сағынышпен еске алушы – кенже інісі Ізгілеу Аманжолұлы.



БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

Жазушымен жүздесу



«Балалар жылына» орай Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Балалар, сіздер үшін жазамыз!» атты кітапханалық жобасы аясында Шет аудандық балалар кітапханасында әдебиет саласында толассыз қызмет етіп, саналы ғұмырын балалар әдебиетінің өркендеуіне арнаған қазақтың көрнекті жазушысы, мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері «Көгілдір соқпақ», «Ертегіден келген бала», «Көлеге шомылған ай», «Нәзік жанғырық», «Құла түздегі үнсіздік» және бірнеше томдық «Таңдамалы шығармалар» повестері мен әңгімелер жинақтарының авторы Мәди Айтбенбетұлы Айымбетовпен жүздесу өтті.

Кездесуге Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының басшысы Б.Уатаева мен мектеп ұстаздары, кітапхананың жас оқырмандары қатысты.

Жас оқырмандар Мәди Айымбетовтің «Күнгей» повесінің желісі бойынша көрініс қойды, жазушының өмірбаяны, шығармашылығы туралы бейнееролик те көрсетілді. Сонымен қатар, С.Мұхамеджанов атындағы өнер мектебінің ұстазы, күйші Ж.Дәулетбеков «Балбырауын» күйін орындап, осы мектеп оқушысы Д.Қайролла «Туған жер» әнін шырқады.

Кездесу барысында оқырмандар жазушыға сұрақ қойды. Сұрақтарға тереңнен жауап берген Мәди Айтбенбетұлы туған жер, Отан, патриоттық рух тұрғысын-

да рухани әңгіме өрбітті.

Кездесу соңында Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының басшысы Б.Уатаева сөз сөйлеп, кітапхана ұжымына алғыс айтты. Аудандық орталық кітапхана директоры М.Нурпейсова жазушыны өткен туған күнімен құттықтап, игі тілегін жеткізді. Өз кезегінде жазушы жүздесуге ниет танытқандары үшін оқырмандарға ризашылығын білдіріп, жас оқырмандарға жарқын болашақ тіледі. Оқырмандар жазушыдан қолтаңба алып, суретке түсті.

Ләззат ШЛИКБАЕВА, Шет аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі

КЕЗДЕСУ

«Алаш идеясы – тәуелсіз Қазақстан»

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Тәуелсіздік күні қарсаңында қала әкімдігінің қолдауымен Алашорда үкіметінің құрылғанына 105 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Алаш айлығы» аясында Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінде «Алаш идеясы – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында кездесу өтті.



ры Есжан Әміров, және колледж студенттері қатысты.

Іс-шара барысында қазақ халқының өткен тарихындағы отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған Алаш қозғалысы жайлы әңгіме өрбіді. Тұлғалар ұлт-азаттық қозғалыстың мән-маңызын жастарға тереңірек түсіндіріп, қазақ халқының мүд-

десі үшін күрескен Алаш зиялыларының ерен еңбегін бүгінгі күнмен ұштастыра баяндады.

Алаш идеясының түпкі мәнін ашып, зиялылар айтқан ойды, атқарған істі қайта түлеткен, сүбелі ойын ортаға салған аға буын жастардың білім, ғылым жолына оң сапар тіледі.

БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Мектепке Потанин есімі берілді



Бныл Қарағанды облысында бірнеше мектепке жаңа атау берілді. Сол мектептер қатарында Қарағанды қаласы №63 жалпы білім беретін мектебі де бар. Мектеп тарихы тым тереңде. Десе де, білім ордасы жұрты газырдан астам уақытта бірінші рет атау иеленіп отыр. Оқу ордасына қазан айынан бастап, атақты саяхатшы, географ, этнограф, «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» деген Сібірдің Құрметті азаматы Григорий Потанин есімі берілді.

Мектепшілік

«Ұлыларды ұлықтау: Г.Потанин әлеміне саяхат» атты жобаны жүзеге асыру мақсатында ұстаздарымыз соңғы екі оқу жылында аянбай тер төкті. 2021 жылы ақпан айында Потаниннің ғылыми мұрасы жөнінде қалалық, 2022 жылдың сауір айында халықаралық деңгейдегі ғылыми конференция өтті. Конференцияға Омбы кадет әскери корпусы взводның капитаны Жүсіп

Данияров, Томск МУ ғылыми кітапханасының колжазбалар және кітап ескерткіштері бөлімінің кітапханашысы Иван Голев, Иркутск қаласының бас кітапханашысы Лариса Константинова, Қоқшетау қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы университетінің оқытушысы, тарих ғылымдарының докторы Ғалымтай Төлепбергенов, Павлодар қаласындағы С.Торайғыров университетінің оқытушысы тарих

ғылымдарының профессоры Аслан Әзербайев, Е.Бөкетов атындағы Қару-дың археология, этнография және Отан тарихы кафедрасының профессоры, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрсұхан Бейсенбекова қатысты. 2021 жылдың мамыр айында мектеп музейі ашылды.

Қазіргі уақытта әлеуметтік желілерге ғалымдар мен конференция қонақтарынан құттықтау бейне-материалдары келіп түсуде.

Ұлы ғалымның есімін арқалаған мектептен білімді шәкірттер шығарды деп мол сеніммен айта аламыз.

Назым МЕЙІРБЕК, Г.Потанин атындағы ЖББМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Мемлекеттік қызметшілерінің Әлеп коллексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын Қарағанды облысы бойынша Ауыл шаруашылығы Министрілігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің қалалық, аудандық аумақтық инспекциясы қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары. ҚР АШМ ВБ ж ҚК Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясының: 8(7212) 42-58-53; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Абай аудандық аумақтық инспекциясының: 8(72131) 4-83-39; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясының: 8(71037) 2-17-45; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Бұхар жырау аудандық аумақтық инспекциясының: 8(72154) 2-21-16; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Жаңаарқа аудандық аумақтық инспекциясының: 8(71030) 2-62-55; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Қарқаралы аудандық аумақтық инспекциясының: 8(72146) 3-19-39; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Нұра аудандық аумақтық инспекциясының: 8(72144) 2-20-98; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Осакаров аудандық аумақтық инспекциясының: 8(72149) 4-20-73; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Шет аудандық аумақтық инспекциясының: 8(71031) 2-12-99; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Ұлытау аудандық аумақтық инспекциясының: 8(71035) 2-11-88; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Балқаш қалалық аумақтық инспекциясының: 8(71036) 6-54-44; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясының: 8(7102) 73-42-27; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Қарағанды қалалық аумақтық инспекциясының: 8(7212) 44-34-04; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Қаражал қалалық аумақтық инспекциясының: 8(71032) 2-63-25; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының: 8(71039) 5-32-15; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Саран қалалық аумақтық инспекциясының: 8(72137) 7-41-00; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Сәтбаев қалалық аумақтық инспекциясының: 8(71063) 3-30-80; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Теміртау қалалық аумақтық инспекциясының: 8(7213) 93-70-48; ҚР АШМ ВБ ж ҚК Шахтинск қалалық аумақтық инспекциясының: 8(72156) 5-00-18; Телефоны доверия для сообщения о фактах нарушения сотрудниками областной, районных, городских территориальных инспекции по Карагандинской области Комитета ветеринарного контроля и надзора МСХ РК норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией. Карагандинской областной территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(7212) 42-58-53; Абайской районной территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(72131) 4-83-39; Ақтоғайской районной территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(71037) 2-17-45; Бұхаржырауской районной территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(72154) 2-21-16; Жаңаарқинской районной территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(71030) 2-62-55; Қарқаралинской районной территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(72146) 3-19-39; Нуринской районной территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(72144) 2-20-98; Осакаровской районной территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(72149) 4-20-73; Шетской районной территориальной инспекции КВК и МСХ РК: 8(71031) 2-12-99; Ұлытауской районной территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(71035) 2-11-88; Балқашской городской территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(71036) 6-54-44; Жезқазғанской городской территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(7102) 73-42-27; Карагандинской городской территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(7212) 44-34-04; Қаражалской городской территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(71032) 2-63-25; Приозерской городской территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(71039) 5-32-15; Саранской городской территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(72137) 7-41-00; Сәтбаевской городской территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(71063) 3-30-80; Теміртауской городской территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(7213) 93-70-48; Шахтинской городской территориальной инспекции КВК и Н МСХ РК: 8(72156) 5-00-18

Жаңалықтан құр қалмаңыз! «ОРТАЛЫҚТЫ» САЙТТАН ДА ОҚЫҢЫЗ www.ortalyq.kz

Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru



## ● АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕКТИҢ ТУҒАНЫНА – 80 ЖЫЛ

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл елімізде әдебиет зерттеушісі, этнограф, ғалым, филология ғылымдарының докторы, жазушы, композитор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ақселеу Сейдімбектің 80 жылдығы жыл басынан бері аталып өтуде. Осыған орай мәдениет ошақтары мен білім шаңырақтарында түрлі мазмұндағы рухани шаралар ұйымдастырылды. Жазушының өмірі мен шығармашылық жолы жалпы жұртқа жан-жақты насихатталды. Осындай әдеби шараның бірі – «Алаштың Ақселеуі» атты еске алу кеші Шет ауданы, Ақалыр кентінің мәдениет үйінде өтті.

Жазушы Өмір Кәріпұлының мұрындақ болуымен ұйымдастырылған шарда қаламгер жайлы зиялы қауым өкілдері мен өмірде, өнерде сыйласқан азаматтар естелік айтып, сағынышын жеткізді.

Елімізге танымал ғасыр адамы, әйгілі академик Темірғали Көкетаев: «Өткізіліп жатқан шаралар Ақселеудің өзіне енді керек емес. Ұлтымызға, жұртымызға, кейінгі жастарға керек дүние. Ақселеу қазақтың жоқшысы, нағыз қазақ еді. Мен физика ғылымының соңынан кетіп, қазақтың салтынан, дәстүрінен, асыл мәйегінен алыстап қалған кезімде мені қайта қазақ қылған Ақселеу еді. Мен Ақселеуге қарыздармын», – деп ой түйді. Этнограф, жазушы Төрхан Майбас «Ақселеуді тану – қазақты тану» екендігін тарқатып айтып, Ақан жайлы жазған «Құрмалдық» кітабын кітапханаға табыс етті.

– Мына Ахаңның рухына арнаған «Құрмалдық» атты кітабымыз бір айға жеткізбедім. Ахаң жай жұмыстарға жегілмейтін, қатардағы жұмыстарға бара бермейтін. Баратын жұмысы қашанда «Вопрос жизни и смерти» болатын. Менің бұл жұмысыма да сондай жұмыс еді. Даламды аскақтау үшін біреулердің тауын аласартудан алыс тұрдым.



## Алаштың Ақселеуі – ел жүрегіңде

Біраз нәрсені айту мүмкін болмады. Әлі уақыты келмеген екен. Аруақ бар! Жок болса, бұл кітап жазылмайтын да еді. Ахаңның аруағы баршамызды алқап жүрсін! Ақселеутану ғылымын енгізіп, қазақты тану ғылымы деп атамақ артық болмас, – деді этнограф, жазушы Төрхан Майбас.

Облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы Еркін Мұсабек Ақселеу білігі аласармайтындығын қандап айтты. Ақселеудің тойын 17 облыс, 89 қала, 6150 ауыл ашап өтсе, артық еместігін сөз етті.

Сонымен қатар, журналист Ә.Тойжигіт, Ақселеу Сейдімбектің бауыры А.Сейдімбек, өнер жанашырлары, ме-

ценат А.Бидайбеков пен А.Смағұл, шежіреші, өнертанушы Б.Бокайтегі, өнер иесінің габриатты ғұмырдариясы мен қазақ баласына сіңірген айрықша қызмет жолын тебірене тілге тиік етті.

Шара барысында Шет аудандық мәслихат хатшысы Саят Социал, кент тұрғындарын кейінгі буынға үлгі-өнеге боларлық тағалымды кештің өтуімен құттықтап, тарихи тұлғаға тағзым қылған елге жүрекжарды алғысын білдірді. Кеш барысында жергілікті Ш. Бейсекмызы атындағы мәдени-сауық орталығының қызметкері А.Төлеухан Ақселеу Сланұлын сомдап, монолог оқыса, Қарағандыдан арнайы келген дәстүрлі әнші Қ.Төкеновтің орындауын-

дағы тарихи тұлғаның «Сарыарқа», «Дәурен-ай» әндері көрерменнің көшемегіне ие болды. Сонымен қатар, кеш бойы Ақселеу Сейдімбекке арнап шығарған замандас достарының жоқтау жырлары мен әсем әндері шырқалып, кенттегі «Ақ әжелер» ансамблінің орындауындағы әсем әндер жиналғандардың көңілін көтерді. Шара соңында кент әкімі Азамат Әбілдин шараны ұйымдастыруға ұйытқы болған аудан әкімдігі мен жазушы Өмір Кәріпұлына, сондай-ақ, алыстан арнайы ат басын бұрып келген барша қонақтарға алғысын айтты.

Шет ауданы

## ● БӘРЕКЕЛДІ!

### Оқушылар жүлделі оралды

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жуырда Ақтау қаласында халық жазушысы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың шығармаларын кеңінен насихаттау мақсатында «Әбіш оқулары» республикалық ғылыми-шығармашылық байқауы өткені белгілі. Шығармашылық байқаудан Шет ауданы Ы.Алтынсарин атындағы мектеп оқушылары ІІІ орын еншілеп қайтты.

Байқауға еліміздің 17 облысынан 21 команда қатысып, бақ сынаған. Сайып келгенде, конкурста «Әбіш Кекілбаевтың шығармаларынан сахналық қойылым» номинациясы бойынша Қарағанды облысының намысын қорғаған Ы.Алтынсарин атындағы білім ұясының 9-11 сынып оқушылары Бақытнұр Амангелді, Танжар Ибраев, Сержан Серік, Назерке Базылова, Нұрмұхаммед Серік үздік өнер көрсетіп, қазылар алқасының көңілінен шыққан.

– Әбіш ағамыз ел тарихына өшпес із қалдырған дара, кеменгер тұлға. Оның шығармаларын насихаттау жолы мен тәсілі жылдан жылға түрленіп, кемелдене түсуде. Жазушының шығармасын насихаттаған шәкірттеріміздің талабы мен жігері, актерлік шеберлігі қазылар құрамына терең үңіліп, талдап жеткізуге тырыстық. Жас ұрпақтың зертесін ашып, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің тұнық нәрін санасына сіңіру – біздің асыл парызымыз және міндетіміз, – дейді жеңімпаз оқушылардың жетекшісі Жанна Рашитова.

Шет ауданы

## Үздіктер іріктеліп келеді



Сонғы айналымда Камерун құрамасын жеңген бразилиялықтар 6 ұпаймен топтық кезеңнен шықты. Швейцариялықтар Сербия құрамасын артқа тастап, топтан екінші болып шықты. Ал, Португалия құрамасы Оңтүстік Кореядан жеңіліп қалса да, ұпай санымен келесі кезеңге өтті. Португалиялықтарды жеңген корейлықтар оларды өкшелеп келеді. Тартыс енді қызға түскендей...

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Нидерланд құрамасы 1/8 финалда америкалықтармен кездесті. Ойын 3:1 есебімен аяқталып, жеңіс нидерландтықтардың пайдасына шешілді. АҚШ құрамасы – осал емес. Чемпионатта керемет ойын өрнегін көрсетті. Өрі жанкүйерлер есінде керемет ойынымен қалды. Десе де, 1/4 кезеңге жолдама алуға нидерландтықтар мүмкіндік қалдырмады.

Топтық кезеңде арабтарға ғана есе жіберген Аргентина құрамасы 1/8 финалда аустралиялықтардан айласын асырды. Әлбетте, қос команда арасындағы кездесуді жанкүйерлер әуел баста-ақ шешіп қойған. Себебі, аустралиялықтарға қарағанда аргентиналықтардың күші де, тәжірибесі де басым еді. Аргентиналықтар жанкүйерлерінің алдында ұятқа қалмай, кезекті жеңіске қол жеткізді. Енді Нидер-



ланд пен Аргентина құрамалары 1/4 финалда кездеседі.

Экваторлықтарды басып озған Сенегал құрамасының талпынысы 1/8 финалмен тәмамдалды. Азулы ағылшындармен кездескен олар 3:0 есебімен жеңіліп қалды. Қорғанғыста жақсы ойын көрсетіп жүрген сенегалдықтар бұл жолы ағылшындардың шабуылына төтеп бере алмады.

Ал, Франция мен Польша құрамаларының арасындағы кездесу, француздардың пайдасына шешілді. Есеп – 3:1. Француздар жүйелі шабуыл жасады. Нәтижесінде, 3 гол соғып, қарсыластарына ешқандай мүмкіндік қалдырмады. Тек, польшалықтар ойын аяқталар тұста жұбаныш голын соға алды.

1/4 финалда азуын айға білеген ағылшындар мен 2018 жылғы әлем чемпионатының жеңімпаздары кездеседі. Қос қарсылас та осал емес. Букмерлік кеңселердің дерегіне сүйенсек, «француздар жеңеді» дейді.

## ● КАРАТЭ

### Барселонадан құр қол қайтпады

Барселонада (Испания) каратэ-киокушинкайдан өткен әлемдік доданд ел құрамасы қоржынға 12 медаль салды. Жұлдігерлердің қатарында қарағандылықтар да бар. Олар 2 алтын, 1 күміс пен 1 қола жүлде еншілеген.

Қарағанды каратэ мектебінің негізін қалаушы Тимур Райымбеков ауыр салмақта өнер көрсеткен. Ол ақтын жүлде алған. 18-21 жастағы қалеттер санатында өнер көрсеткен қарағандылық Богдан Жамалдинов та алтыннан алқа тақты. Ал, Жанетта Сұлтанова – күміс, Анель Каманбекова қола жүлдені еншіледі.

– Ұлттық құрама сапында 16 адам болды. Бұл додаға Қарағандыдан алты спортшы барғанбыз. Спортшылардың дайындығы жақсы. Өрі керемет өнер көрсетті. Алты спортшының төртеуі жүлде алғаны – керемет көрсеткіш. Ал, жалпы ел құрамасы бойынша үлкен турнирден 12 медаль иелену – зор жетістік, – деді чемпион.

Облыста үш жастан асқан бес мыңға жуық адам каратэ-киокушинкаймен айналысады. Тимур Райымбековтің бастамасымен әрі «Әр аулаға каратэ» бағдарламасы аясында өңірде төрт жабдықталған зал ашылды. Сондай-ақ, жаттығулар мектептердің спортзалында сондай-ақ, басқа да бейімделген нысандарда өткізіліп жүр.

## ● ЖЕҢЛ АТЛЕТИКА

### Жерлестер қоржынды қампайтты

Вила-Реал-ди-Санту-Антониу (Португалия) қаласында мүгедектер арбасына таңылған және ампутация жасалған жандардың арасында өткен IWAS-2022 дүниежүзілік ойындарынан қазақстандықтар жүлдемен оралды. Сайыс қорытындысы бойынша 14 алтын, 20 күміс және 20 қола жеңіп алды.

Аталмыш додаға 34 елден 500-ге жуық спортшы қатысқан. Спортшылар жеңіл атлетика, жүзу және пауэрлифтинг сынды үш спорт түрінен бақ сынасты. Ел намысын қорғап барған қазақстандық 27 спортшы құр қол қайтпай, қос-қостан қоржынға жүлде салды. Ал, Қарағандыдан барған спортшылар жүзу сайысы және жеңіл атлетикадан бақ сынап, 19 медаль жеңіп алған.

Наталья Звягинцева – 4 алтын, 2 күміс, Оксана Митякова – 2 алтын, 2 күміс, Сергей Кинах – 4 алтын, Диас Кенжебек – 3 алтын, 1 күміс және 1 қола иеленген. Ал, жеңіл атлетика бойынша Дастан Мұқашбеков – алтын және қола, Руфат Хабибуллин – күміс пен қола, Игорь Хлыстов – 2 қола медаль еншілеген.

IWAS ойындары – мүгедектер арбасына таңылған және ампутация жасалған жандарға арналған халықаралық спорт. Дүниежүзілік ойындар екі жылда бір өткізіледі. Қазіргі уақытта IWAS ұйымына 73 мемлекет кіреді.

## ● ВОЛЕЙБОЛ

### Батырды еске алды

Қарағандыда ерлікпен қаза тапқан полицей Нұрлан Байғасқинді еске алуға арналған волейболдан турнир өтті. Қарағанды қалалық полиция басқармасы қызметкерлерінің арасында дәстүрге айналған турниріне биыл 9 команда қатысты.

1998 жылдың қараша айында жедел уәкіл Нұрлан Байғасқин қаруланған қылмыскерлерді құрықтау барысында ерлікпен қаза тапты. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауда ерлік пен қайсарлық көрсеткені үшін Нұрлан Байғасқин қаза болғаннан кейін ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.

– Біз ерлікпен қаза тапқан әріптестерімізді ешқашан ұмытпаймыз. Нұрлан Байғасқиннің өмірден өткеніне 24 жыл уақыт өтті. Осыған уақыт өтсе де оның жарқын бейнесі біздің жадымызда. Бүгінгі еске алу турниріне қатысып отырған спортшыларға сәттілік тілеймін, – деді жарыстың ашылу салтанатында сөз сөйлеген Қарағанды облыстық Полиция департаменті бастығының орынбасары Дәурен Ибраев.

Турнир қорытындысы бойынша І орынды патрульдік полиция полкінің командасы жеңіп алды. Ал, ІІ орынды Орталық полиция бөлімінің командасы, ІІІ орынды Қарағанды қалалық Полиция басқармасының командасы иеленді.

Дайындаған  
Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Біздің сайт: [www.ortalyq.kz](http://www.ortalyq.kz)

Таралымы 6 230

Электрондық пошта: [ortalyk.kz@gmail.com](mailto:ortalyk.kz@gmail.com) [ortalyk.kaz@mail.ru](mailto:ortalyk.kaz@mail.ru)

Жарнама бөлімі: [ortalyk.reklama@mail.ru](mailto:ortalyk.reklama@mail.ru)

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ:  
«Saryaqsa aqarat» жауапкершілігі шектелуі серіктестігі  
Директор **Қайрат ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы  
**Оксана МЯГКИХ**  
Директордың орынбасары  
**Гүлмира ЖҰМАДІЛДИНОВА**  
Бас редактор  
**Ерсін МҰСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары  
**Назым ДҮТБАЙ**  
Интернет-редакция редакторы  
**Лияс МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы  
**Қасымжан ҒАЛЫМ**

**Телефондар:**  
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Экономика бөлімі: 43-31-77  
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88  
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72  
Әлеумет бөлімі: 43-49-72  
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92  
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;  
Компьютер орталығы: 43-58-08.  
**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19  
Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

● Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.  
● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
● Сураеттер интернеттен, редакция архивінен алынды.  
● Материалдың жариялану ақысы төленген. **Б**  
● Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZKХ БИН 000840001412

№136 тапсырсы. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС  
баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік  
орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор  
**Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ**



Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда  
№ KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.